

# Әбсаттар Бағысбайұлы ДЕРБІСӘЛІ

Белгілі шығыстанушы, дінтанушы, әдебиет зерттеуші, жазушы, сыншы, Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар Бағысбайұлы Дербісәлі ағамыздың дүниеден озуына байланысты жұбайына, ұл-қыздарына, ағайын-туыстарына М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ұжымы атынан қабырғамыз қайыса отырып, қайғыларыңызға ортақ екенімізді білдіреміз.

Әбсаттар Бағысбайұлы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің филология факультетін 1969 жылы үздік бітіріп, ғылым жолына қадам басқаны біз үшін үлкен мақтаныш.

Әбсаттар Бағысбайұлы алғаш рет әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де араб бөлімі мен Шығыс тілдер кафедрасын және шығыстану факультетін ұйымдастырып, оның тұңғыш меңгерушісі және тұңғыш деканы болды. Оның басшылығымен республикамызда тұңғыш рет урду, парсы, түрік, қытай, жапон, корей тілдері мен әдебиеті мамандықтары ашылып, кафедралары ұйымдастырылды.

Елімізге өте зәру шығыстану ғылымы саласының ұлттық мамандарын даярлауға белсене ат салысты. Ғалымның қаламынан араб тілі мен әдебиеті, тарихы мен мәдениеті және қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлері мен мәдениетінің мәселелері, Шығыс мұсылман елдерімен рухани байланыс, ол жұрттың ой дүниесі мен Ислам тарихы, қасиетті Құран,



Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадис-шәріптері туралы 600-ден аса теориялық және практикалық мәні бар ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер туған.

Бүкіл саналы ғұмырын ғылым мен білім жолына арнаған Әбсаттар Бағысбайұлының тереңнен нәр алған тектілігін, жалпы адамзатқа үлгі боларлық парасатты болмысын, кең мінезін, терең білімін, туған елінің тарих қойнауындағы алтын шежірелерін жинақтаудағы қажырлы еңбегін, руханият дүниесін байытудағы айшықты шығармаларын қазақ халқы ғана емес, халықаралық ғылыми ортада жақсы біледі, әрі қадірлейді.

Әбсаттар қажының үлкен ғалым болуымен қатар, еліміздегі ұлтаралық келісім мен дінаралық татулықтың өркен жаюына өлшеусіз еңбек сіңіргені де мәңгілік есімізде сақталады.

Әбсаттар ағамыздың рухы пейіште шалқысын дейміз.

**М.Әуезов атындағы ОҚУ  
басқарма төрағасы-ректор  
Дария Қожамжарова**